

2013 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 153 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 29 сәуірде № 4112 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 08-10/4884 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы әкімдігінің 28.11.2013 № 08-10/4884 хаты).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 8-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2013 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялардың нормалары **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығының министрi

_____ *А. Мамытбеков*

Қ о с т а н а й о б л ы с ы
ә к і м д і г і н і ң а у ы л
ш а р у а ш ы л ы ғ ы
б а с қ а р м а с ы
М М б а с т ы ғ ы

_____ *Қ. Ғабдулин*

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 5

с ә у і р д е г і

2013 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялардың нормалары

№	Б а с ы м ш а р у а ш ы л ы ғ ы да қ ы л д а р ы н ы ң т і з б е с і	а у ы л	1 гектарға арналған көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың арзандатуға арналған субсидиялардың нормалары, тенге
1	Ж а з ғ ы К ү з д і к Күздік қара бидай	б и д а й б и д а й	350 (базалық норма бойынша) 800 (көтеріңкі норма бойынша)
2	С ұ л ы А р п а Т а р ы Қарақұмық		400 (базалық норма бойынша) 800 (көтеріңкі норма бойынша)
3	Бұршақ тұқымдас дақылдар		400 (базалық норма бойынша)
4	Майлы дақылдар		3800 (базалық норма бойынша)
5	Картоп		30000 (базалық норма бойынша) 50000 (көтеріңкі норма бойынша)
6	Көкөністер		35000 (базалық норма бойынша) 60000 (көтеріңкі норма бойынша) 1500000 (барлық түрдегі жылыжайларда топтырақтың қорғалған жағдайларында, 2 дақыл айналымы)
7	Бақша дақылдары		30000 (базалық норма бойынша)
8	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер		1000 (базалық норма бойынша)
9	Шабындық жерлерді шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер		1000 (базалық норма бойынша)

10	Сүрлемдік күнбағыс	жүгері	мен	1000 (базалық норма бойынша)
----	--------------------	--------	-----	------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК